

Набидуллин Айболат Сарсенбаевичтің «6D011700-қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (Phd) дәрежесін алу үшін дайындалған ««Жалпы тіл білімі» пәнін оқыту үдерісінде студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудың әдістемесі» атты диссертациясы туралы пікір

Мемлекеттің бәселестікке қабілеттілігі ерекше мәнге ие болып отырған бүгінгі жаһандану жағдайында әр елдің жоғары білім жүйесінің болашақ кәсіби мамандарды даярлауда осы факторға айрықша көңіл бөлуі қажеттігі өзекті болып саналады. Өйткені мемлекет бәсекеге қабілетті болуы үшін, ең алдымен, оның интеллектуалдық әлеуетінің көрсеткіші саналатын жоғары білімді мамандарының тұлғалық қабілеттері жан-жақты қалыптасуы маңызды. Сондықтан жоо-да студенттердің ғылыми-зерттеу, когнитивтік, аналитикалық, сыни және кәсіби-шеберлік қабілеттерін өзара бірлікте дамыту мәселесі күн тәртібінде тұр. Зерттеушінің диссертациялық жұмыс нысаны етіп «Жалпы тіл білім» пәнін оқытуда студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудың әдістемелік мәселелерін алуы осы міндеттермен ұштасып жатыр.

«Жалпы тіл білімі» – филология мамандықтары бойынша білім алатын студенттердің болашақ маман ретінде қалыптасуына іргетас қалайтын, олардың ғылыми-танымдық әлеуетін жетілдіруді көздейтін міндетті базалық пән. Онда лингвистиканың ғылыми-теориялық негіздері туралы алғашқы, жүйелі, іргелі білім мазмұны игертіледі. Пән мазмұнында қамтылатын әлемдік тілдердің әмбебап, барлығына ортақ мәселелері арқылы студенттердің зерттеу жұмыстарына қызығушылығын тудыру, ғылыми танымын дамыту мүмкіндіктері кең. Әйтсе де, бүгінгі таңда бұл пәнді оқытуда біршама қайшылықтар орын алып отыр. Зерттеуші осы мәселелердің түпкі себептерін ашу үшін пәннің оқытылу жайын талдай отырып, сол қайшылықтарды шешудің мүмкіндіктерін зерделеді. Білім беру процесінде ғылыми тұжырымдардың студенттердің жаңа білімді алуына, өзін-өзі жетілдіруге және болашақ тілді оқытатын кәсіби маман ретінде рухани әлемін байытуға ықпалын арттыратын ұтымды әдістемені жасауды мақсат етіп қойды.

Зерттеу жұмысының «Жалпы тіл білімі» пәнін оқытуда студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудың әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші тарауында заманауи лингвистика, білім философиясы, педагогика, психология ғылымдарында басымдыққа ие болып отырған антропоөзектік парадигмаларды басшылыққа алып, зерттеу жұмысының методологиялық ұстанымдарын айқындады. Кәсіби маман игеретін жоғары білімнің сапасын арттырудың басты факторы ретінде «ғылыми таным – ғылыми ойлау – ғылыми білім» ұштағанын бірлікте дамытудың маңыздылығын дәйектеді. Қазіргі қоғамдық ортада өткір мәселеге айналып отырған қазақ тілінің ғылым тілі әлеуетін көтерудің алғышарттарын мәселенің лингвофилософиялық негіздерін қарастырған тараушасында айқындап көрсетті. Онда тұлғаның ғылыми-танымдық әлеуеті жүйелі

ғылыми-кәсіби білімінің, ғылыми-зерттеу қабілеттерінің, шығармашылық ізденіске бейімділігінің өзара бірлікте қалыптастыру тетіктерін айқындайды. Студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудың әдіснамалық тұғыры ретінде «тіл», «ғылым», «таным», «білім» феномендерінің арақатынасын лингвофилософиялық аспектіде талдап көрсетеді. Бұл бағытта әлемдік лингвистика ғылымында орныққан теориялық пайымдаулармен қатар, ұлттың сөз өнері саласында тіл туралы іргелі ой қалдырған ұлы тұлғалардың, шешендер мен ақын-жырауалардың тұжырымдарына сүйенеді.

Зерттеу жұмысының «Жалпы тіл білімі» пәнін оқытуда студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін бағалаудың психологиялық шарттары» және «Жалпы тіл білімі» пәнін оқыту үдерісінде студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудың педагогикалық межелері» деп аталатын тараушаларында ғылыми таным мен ғылыми ойлауды қалыптастырудың жолдарын білім алушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай және оқыту үдерісін заманауи білім беру трендтеріне бағыттай отырып ұйымдастырудың шарттары мен тиімді технологиялары сараланады. Осылайша, болашақ маманның кәсіби қызметте өз саласына қатысты шешімдерді дұрыс қабылдауы үшін аналитикалық ойлауы қалыптасқан, жаңа бастамалар мен идеяларды ұсынатын, ғылыми жаңалықтар мен технологиялық өзгерістерге жылдам бейімделетін тұлға болып қалыптасуының мүмкіндіктерін негіздеп көрсеткен.

Зерттеу жұмысының екінші тарауы «Жалпы тіл білімі» пәнін оқытуда студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудың әдістемесі және эксперимент нәтижелері» деп аталады. Диссертант А.Набидуллин бірінші тарауда түйіндеген ғылыми-теориялық пайымдамалары мен жасаған ғылыми болжамының растығын айқындау үшін эксперимент жұмыстарын жүргізді. Алдымен, пәнді оқытудың жайына талдау жасап, білім мазмұнын толықтырудың, оқыту әдістемесін жетілдірудің жолдарын анықтады. Нәтижесінде «Жалпы тіл білімі» пәнінің білім мазмұнын жаңартудың мүмкіндіктерін нақтылады. Білім мазмұнын толықтыру арқылы студенттердің ғылыми танымы мен ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастырудың, білім алушылардың пәндік, пәнаралық, метапәндік және зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытудың, ғылыми білім беру платформасын құрудың, тіл білімінің антропологиялық ғылым салаларымен байланысын нығайтудың жолдарын дәйектеді. Студенттердің болашақ мамандығы үшін тілтанымдық ғылыми кеңістікте өзекті сипатқа ие болған және сұранысы жоғары ғылыми-әдістемелік кешенін ұсынады. Нәтижеге қол жеткізу үшін тіл білімінің өзге ғылымдармен интеграциялық сабақтастығын кеңейте меңгерту амалдарын қолданады.

Зерттеуші «Жалпы тіл білімі» пәнін оқытуда студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудың әдістемелік стратегиялары» тараушасында оқу материалдарын меңгертудің жаңашыл технологиялары мен әдістерінің түрлерін саралайды. Эксперимент жұмысында басшылыққа алынатын дидактикалық қағидаттар, ғылыми-танымдық әлеуетті қалыптастыруға бағытталған дәріс түрлері, семинар жұмысының типтері мен оңтайлы әдіс-

тәсілдердің тиімділігі дәлелденген. Зерттеуші ұсынған когнитивтік деңгейді арттыруға, зерттеу қызметінің түрлерін игертуге және зерттеу әдістерін меңгертуге арналған тапсырмалар жүйесі заманауи білім беру кеңістігіндегі жаңа бағыттармен ұштастырыла қолданылған. Олардың мақсаты мен күтілетін нәтижелері *ғылыми таным – ғылыми ойлау – ғылыми білім* үштігінің арақатынасына сәйкес құрылымданған. Зерттеуде тапсырмалардың экспериментке қатысқан студенттер тобының лингвистикаға қатысты іргелі теориялардың әдіснамалық негіздерін меңгеруіне, тілдің адамзат өркениетіндегі қызметін түсінуіне, білім алушылардың аналитикалық, сыни ойлауы және зерттеушілік қабілеттерін дамытуына ықпалы арнайы жүргізілген эксперимент материалдарында және қорытындыларында нақты дәйектеліп берілген.

Қорыта айтқанда, Набидуллин Айболат Сарсенбаевичтің «6D011700-қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (Phd) дәрежесін алу үшін дайындалған «Жалпы тіл білімі» пәнін оқыту үдерісінде студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттырудың әдістемесі» атты диссертациясын толық аяқталған және заманауи жоғары білім беру саласының алдында тұрған маңызды міндеттерді шешуге бағытталған зерттеу жұмысы деп бағалаймын. Диссертациялық еңбекті қорғауға ұсынамын.

Ғылыми жетекші

п.ғ.д., доцент Ж.Дәулетбекова

